

Тақырыбы: Етістер. Өздік етіс.

1.Үй тапсырмасын тексеру

- Етістік дегеніміз не?
- Негізгі етістік, туынды етістік дегеніміз не?
- Дара етістік, күрделі етістік дегеніміз не?
- Болымды, болымсыз етістік дегеніміз не?
- Сабақты, салт етістік дегеніміз не?
- 236-жаттығуды тексеру.

1-тапсырма. Кестені толтыру.

Мысалдар	Болымды	Болымсыз	Сабақты	Салт
Айт				
Өшірді				
Барма				
Кітапты оқы				
Айтады				
Келген емес				
Тапсырманы орындады				
Үйге келді				

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жалғап,
етістіктің түрін анықта. (Сабақты, салт)

I-топ: Жігіт қадірі өнері өлшенеді. ()
Су шым тоқтатар, сөз шын тоқтатар. ()
Жаманға сырың айтпа, сырың айтсаң да,
шының айтпа. ()

II-топ. Төмендегі мақалдардан етістікті тап. Сабақты етістіктің
астын түзу сызықпен, салт етістіктің астын ирек сызықпен
сыз.

Талапты ерге нұр жауар.

Оқу-инемен құдық қазғандай.

Дихан жерін мақтайды, Ұстаз шәкіртін мақтайды.

Тақырыбы: Етістер. Өздік етіс.

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға етіс туралы түсінік беру және олардың түрлерін бір-бірінен ажрата білуге үйрету.

Оқушыларды бірлесіп еңбектенуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Етіс дегеніміз-іс-қимыл мен оны орындаушының арасындағы қатынасты білдіреді.

Етістің төрт түрі бар.

1. Өздік етіс (істі орындаушының өзі істегенін білдіреді) Еістік+(ын, -ін, -н) Жуын, киін.
2. Өзгелік етіс (істің үшінші біреу арқылы орындалғанын білдіреді) -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, --ір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т, -сет. Жаздыр, оқыт, көрсет.
3. Ырықсыз етіс (істің орындаушысы көрсетілмей, өздігінен жасалғандай көрінеді) Етістік+(-ыл,-іл,-л түбірде "л" әрпі болса, -ын,-ін,-н) Айтылды, алынды.
4. Ортақ етіс (істің бірлесіп, ортақтасып істелгенін білдіреді) Етістік+(-ыс, -іс, -с) Жазысты, бөліскен.

Оқулықпен жұмыс

238-жаттығу. Қажетті жұрнақтарды жалғап,
берілген сөздерден өздік етіс жасандар.

I-топ: Ора, көр, сез, жасыр, қара, сыла, тазала,
сүрт.

II-топ: Ки, сал, гүлде, бу, біл, байла, арқала, күй,
түй.

Адасқан әріптер ойыны.

I-топ: а, п, т, і, к.

п, д, ш, ы, а, н, а, н.

к, й, ө, е, л, к.

т, е, м, р.

II-топ: р, ы, с, ы.

қ, н, о, қ, а.

б, т, ы, р, а.

қ, а, м, ы, т, н, ы.

т, р, е, м, е.

Берілген сөздерді септеңдер.

I-топ: мектеп, ауыл.

II-топ: Мына сөздерді тәуелдеңдер.

Киім, ойыншық.

Сабақты қорыту

Етістер, өздік етіс дегеніміз не?

Мысал келтір.

Үйге тапсырма:

Ереже жаттау

240-жаттығу